

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 1599 "Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды кәдеге жаратудың 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" қаулысын орындау туралы

Атырау облыстық Мәслихаты XVII сессиясының Екінші сайланған шешімі 2002 жылғы 19 сәуірдегі N 200-II. Атырау облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 24 мамырда N 973 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 1599 "Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды кәдеге жаратудың 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" P011599_ қаулысын орындау үшін және 2001 жылғы 23 қаңтардағы 148-II Z010148_ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес 11 сайланған Атырау облыстық Мәслихатының XVII сессиясы шешім етті:

1. Облыстық әкімияттың 2002 жылдың 27 наурыздағы N 140 қаулысымен ұсынылған "Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды кәдеге жаратудың 2002-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары" бекітілсін.

2. Қала, аудандар әкімдері, облыстық төтенше жағдай, облыстық қоршаған ортаны қорғау, Атырау облыстық аумақтық мемлекеттік стандарттарды қадағалау басқармалары басшылары жоспарда қаралған шаралардың уақытылы атқарылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың әлеуметтік

және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына (У.Бисенұлы) жүктелсін.

Облыстық Мәслихаттың
XVII сессиясының төрағасы
Облыстық Мәслихат хатшысы

Атырау облыстық әкімиятының
2002 жылғы 27 наурыз N 140
қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 желтоқсандағы
N 1599
P011599_
"Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды кәдеге

жаратудың 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту
туралы" қаулысын орындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 1599 P011599_ "Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды кәдеге жаратудың 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" қаулысын орындау үшін және 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II Z010148_ "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңына сәйкес екінші сайланған Атырау облыстық Мәслихатының кезекті XVII сессиясы қаулы етеді:

1. Облыс әкімияттың 2002 жылғы 27 наурыздағы N 140 қаулысымен ұсынылған құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды пайдаға асырудың 2002-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қала, аудандар әкімдері, облыстық төтенше жағдай, облыстық

қоршаған ортаны қорғау, Атырау облыстық аумақтық мемлекеттік стандарттарды қадағалау басқармалары басшылары жоспарда қаралған шаралардың уақытылы атқарылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының атқарылуын қадағалауды өзіме міндеттеймін.

Облыс әкімінің орынбасары

Облыс әкімиятының
2002 жылғы 27 наурыздағы N 140
қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 желтоқсандағы
N 1599
P011599_

"Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды кәдеге
жаратудың 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту
туралы" қаулысын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары

N Іс-шаралар Орындау мерзімі Жауапты орындаушылар

1. Құрамында сынап бар аспаптарды, 2002 жылдың Қала, аудандар
бұйымдарды пайдаланатын, металл 1 жартыжылдығы әкімдері, кәсіпорын,

сынабы бар мекемелерде, кәсіпорындарда түгендеу жүргізу.

мекеме басшылары

2. Құрамында сынабы бар аспаптар, бұйымдарды, металл сынабын барлық кәсіпорындардың, мекемелердің түгендеу мен төлқұжаттау жүргізуінің уақтылы және толықтығына бақылауды қамтамасыз ету.

2002 жылдың Облыстық төтенше 1 жартыжылдығы жағдай басқармасы, облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы, Атырау облыстық аумақтық мемлекеттік стандарттарды

қадағалау басқармасы, облыстық санэпидстанция

3. Түгендеу қорытындысы бойынша облыста құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды жинау, демеркуризациялау пункттерінің қажеттілігін анықтау, ол пункттерге қойылатын талаптарды әзірлеу.

2002 жылдың Облыстық төтенше 3 тоқсаны жағдай басқармасы, облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы, Атырау облыстық аумақтық мемлекеттік стандарттарды қадағалау басқармасы,

облыстық санэпидстанция

4. Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды пайдаланылуы, істен шыққандарының жинақталуы мүмкін мекемелерде сынапты сақтау, пайдалану, қажеті жоқтарын т.б. талапқа сай жою ережелерінің орындалуын тексеру.

2002 жыл Облыстық төтенше жағдай басқармасы, облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасы, Атырау облыстық аумақтық мемлекеттік стандарттарды қадағалау басқармасы,

облыстық санэпидстанция

5. Қоршаған ортада, өндірісте сынаптан ластану болған жағдайда оны дер кезінде анықтау, ластанудың тарауына, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу, адамдардың улануын болдырмау тұрғысында істелуге тиіс жұмыстар жоспарын әзірлеп, бекіту.

2002 жыл Облыстық төтенше 1 тоқсан жағдай басқармасы, "Атырау мұнай өңдеу зауыты" ашық акционерлік қоғамы, газ апатынан қорғау бөлімшесі

6. Құрамында сынабы бар аспаптарды, бұйымдарды, металл сынабын жинап, тиіп Алматы қаласындағы "Сынап" жауапкершілігі шектеулі серіктестікке демеркуризациялауға талапқа сай жеткізу мәселесін шешу.

2002 жыл Облыстық төтенше 1 тоқсан жағдай басқармасы, "Атырау мұнай өңдеу зауыты" ашық акционерлік қоғамы, газ апатынан қорғау бөлімшесі

7. Қала, облыс бойынша құрамында сынап 2002 жыл Қала әкімі,
бар қалдықтарды, шамдарды, аспаптар 3 тоқсан облыстық қоршаған
мен бұйымдарды, металл сынабын уақытша ортаны қорғау
жинауға жағдайы бар мекемені анықтау, басқармасы
талапқа сай сол жерді жабдықтау үшін
кажет жұмыс көлемін анықтау.
8. Қоршаған ортада, жұмыс орындарында, 2003 жыл Облыстық қаржы
тағамда сынап мөлшерін қадағалау үшін басқармасы
облыстық санитарлық-эпидемиологиялық
станциясына атомдық-адсорциялық
спектрофотометр қондырғысын алуға
қаржы бөлу.
9. Қоршаған ортаның (ауа, топырақ, 2002- Облыстық санитарлық-
су, тағам) сынаппен ластану деңгейін 2003 эпидемиологиялық
елді мекендер бойынша анықтап, жылдары станциясы, облыстық
токсикологиялық және экологиялық баға қоршаған ортаны
беру қорғау басқармасы
10. Халық арасында, балалар және емдеу 2002- Облыстық санитарлық-
мекемелерінде сынаптан ластанудың қаупі 2003 эпидемиологиялық
туралы санитарлық-ағарту және түсіндіру жылдары станциясы, облыстық
жұмыстарын жүргізу. қоршаған ортаны
қорғау басқармасы
11. Құрамында сынабы бар аспаптар мен 2002- Облыстық санитарлық-
бұйымдарды пайдаланатын барлық меншік 2003 эпидемиологиялық
нысандарындағы ұйымдарда және олардың жылдары станциясы, облыстық
айналымына, оның ішінде емдеу-алдын қоршаған ортаны
алу, мектеп пен мектепке дейінгі қорғау басқармасы
мекемелерде бақылауды күшейту.
12. Құрамында сынабы бар аспаптар мен 2002- Облыстық санитарлық-
бұйымдарды пайдаланатын кәсіпорындардың, 2003 эпидемиологиялық
мекемелердің жұмыс аймағындағы, жылдары станциясы, облыстық
жиналатын жерлердегі ауада сынап буын қоршаған ортаны
ұстауға бақылауды күшейту. қорғау басқармасы
13. Облыс бойынша барлық емдеу 2002- Облыстық денсаулық
мекемелеріндегі сынапты термометрлерді 2003 сақтау департаменті,
индикаторлы термометрлермен ауыстыру. жылдары қала және аудан әкімдері
(Маман: Ержанова К.С.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК